

ULY DALA MURASY

QOLJAZBALAR JÁNE SIREK KITAPTAR ULTTYQ ORTALYGY



ISBN 2221-8521

GYLYMI-KÓPSHILIK

JÝRNAL

II/2019



СӨНБЕЙТІН ШЫРАҚ, ҚАНБАЙТЫН БҰЛАҚ



Мырзатай Жолдасбеков

*Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері,
Филология ғылымдарының докторы, профессор*

Мақалада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорында бар ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» атты еңбегінің тарихы мен мазмұны жан-жақты баяндалады.

XV ғасырда жазылып, араға бес ғасыр салып, сағындырып жеткен, сөйтіп қолымызға тиген, бұрын-сонды қазақ тарихында болмаған ұлттық мәдениетіміздегі елеулі құбылыс, асыл кітап, қасиетті қазына, халық даналығының айғағы – Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны».

Кітаптың авторы – ғұлама, қараузген шипагер, жаһангер, тарихшы, этнограф, философ, ақын, астроном, биолог, химик, психолог, географ, ұстаз, этика, моральдың асқан білгірі.

Еңбек негізінен шипагерлік ғылымды баяндайды, өзге ғылыми тұжырымдар, ой-толғаныстар, мәліметтер сол шипагерлік баян негізінде мысал, тарих, аңыз, салт-сана ретінде айтылады. Кітапты оқып отырып жұмбақтардың сырын, өмірдің тайниктерін ашасыз, сол кездегі қазақ қоғамын көзбен көргендей боласыз; қазақ халқы ерте заманнан бері қарай

өз тілінде жасаған аңыз-әңгімелерге, әдеби-мәдени қазыналарға, оны жеткізген шежіре, шешен, ақын, даналардың есіміне қанығасыз.

Шипагерліктің қараузген алыбы және пірі Лұхман Хакімнің шәкірті Өтейбойдақты хан ордасына оның жан досы әйгілі Жиренше шешен алып келеді. Сыннан өткен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Жәнібек ханның әмірімен «Шипагерлік баянды» жазады.

Автор өзі туралы:

– Атым – Өтейбойдақ, Тілеуқабылдың ұлымын. Ата-тегім – Ұлы Жүз Зарман, Зарман ішінде Албан. Мекенім – Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым – Иіртеқ (ұлу), сексен беске келдім. Бойым ұзын, қара торы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қап сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын – деп жазады.

Ғұлама 1397 жылы туылып, 1492 жылы 95 жасында дүние салады. Кітапты 1467 жылдары жетпіс жасында бастап, он жыл бойы жазып Жәнібек хан өлген соң, кейінгі бес жыл өмірін қолжазбаны өңдеумен өткізеді. Ордада өзі де, кітабы да қалады деген Өтейбойдақ:

Өй, дүние-ай!

Іске аспады арманым, қараң қалды,

Шың басына шығарда арандалды.

Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,

Жаман ат, жаман ырым мазамды алды.

Қалмады ұрпақ, Өтейбойдақ аяңдалды,


Мені өшірмес «Шипалық баян» қалды.

Бұ да менің ұрпағым жән білгенге,

Тілегіммен жалғасқан аян қалды –

деп, туған өлкесі Жетісуға оралады.

«Елді де етпетінен иландырып, шалқасынан толғандырарлық «Шипагерлік баяным» – мақтанымның айғағы. Менен ұрпақ қалмаса да, күндердің күнінде мені әлемге



әйгілейтін «Шипагерлік баяным» артымда қалмақ. Бұл – соңғылар қадірін біліп, ұстана білсе – сөнбейтін шырақ, қанбайтын бұлақ, қадірін білмесе – от басы аяқпен тозатын тулақ», - деп жазыпты сәуегей әулие.

Өтейбойдақ шипагерлік жолға ес біліп, етек жапқаннан бастап түседі.

«Ат жалын тартып міне сала-ақ, сырқат біткенге шипа ем дарымын тауып, науқасты жазсам деген жүрегіме ұялаған арман жетегімен кезбеген жерім жоқ. Бұл жолда шоқтығы бұландай биік төтенше ұлы ұлағаттылармен де, саптаяққа жұққан сүт нiлiндей тәумер тәутіктермен де бiр жол (жолдас), бiраз ас iшкен (дәмдес) болдым. Қол ыласы – дәулетке, ылас нiлi – сәулетке қызықпадым. Бұл дүниенің қызығын мүлде ұмыттым. Алдымен өзім ішіп, өзім жеп шипа ем дарым зәруатымнан талай уландым. Тiссiз шопандай (қойдай) жасым қалды, ендi «Шипагерлiк баянды» кiндiктес iнiм Толайға тапсырамын. Өткен iс өттi. Өлер шақ таяды. Мезгiлсiз шақырған шақырауықтай (әтештей) дестiр (кiтап) таңдай тұрлауы (жазылу нәтижесi) болып осы жазылды. Бұл соңғылыққа үлгi де болар. Олайы бiлiмнiң тiккеуiкпен құдима қазғандай (инемен құдық қазғандай) қиын екенiне көзi осыны оқығанда жетiп те қалар. Өмiрлеу жоралғысында ұғынар», - дептi жарықтық.

– Әбу Насыр мен менің ойым түйіндегі шырмалғысы бірдейлік. Баласағұн Жүкеңнің ойымен де бірдейлік, - деген жолдарды да оқимыз. Мұның өзі Өтейбойдақтың Әбу Насыр әл-Фарабиді де, Жүсіп Баласағұнды да жақсы білетіндігін және олармен көзқарасының бірдей екендігін

аңғартады.

Өтейбойдақ әл-Фараби секілді үйленбеген. Артында ұрпақ қалмаған. Елдің қамын ойлап, бүкіл өмірін халқына қызмет етуге арнап, шипагерлікпен өткізген. Сөйтіп жүріп мыңдаған аурудың емін тапқан.

Шешек ел басына торғай қаққан тарыдай қырғын салған бір жылы күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған шипагер тәжірибеден тәжірибені жасап жүріп шешек суын (вакцина) табады. Баланың шешек ірінін алып, тананың шап терісін тіліп, қан шыққан соң жағады. Бір жұмадан соң, жұдырықтай болып томпаяды. Томпақты жарып, кемсек қурай қуысымен бүйрек қабына құйып, күн тимейтін салқын жерге қойып, ағашты қаламдай үшкірлеп, шешек болған баланың білегіне жағып, жаққан жерді инемен сызып қойып отырады.

Ағылшын дәрігері шешекке қарсы вакцинаны 1796 жылы, яғни Өтейбойдақтан 350 жыл кейін табады.

Әз-Жәнібектің қазаққа жеті атасына дейін қыз алуға тыйым салған жарлығы да осы Өтейбойдақтың ақылымен жарияланады. «Төрт атадан аспаған рулар арасынан қыз алысқандардың қаны азғанды көзім көрді. Сондықтан жеті атадан әрі қыз алыспақ шарт. «Отыз-қырық ата араласса, ұрпақ ақылды болмақ. Сырт елден қыз алысса, ұрпағы зейінді, өнерпаз, аңғарлы болмақ» - дейді ғұлама.

Үш жүздің қалай шыққанын да, о заманда Ұлы Жүздің шашын алдырып тастайтынын, Орта жүздің – айдар, Кіші жүздің – тұлым қоятынын да осы жазбадан оқисыз.

Кітаптағы Қазғақ Күнбидің Созғақ Күнбиді құлатып Орда көтергені,

оның шығармасы, яғни ұраны Алаш болғаны, тұңғыш баласының атын Алаш қойып, кейін Алаша хан аталғаны және Есім ханның ханымы Айымбикем жайындағы анызы да қазақтанудағы теңдесі жоқ деректер.

Еңбекте тарихи аңыз-әңгімелер, өлең шумақтары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мәселен: *Ел – білім дәулетінің қайнары екен, Шипа – ем зәруатының айдары екен. Ұстанып, қадіріне жетіп жсия білген, Ұстазсыз ұстаз боларлық пайдалы екен.*

Немесе, *Айырмасаң оң-солдың екі шетін, Қос әлемде жарық болмас екі бетің. Күнәңа орындамай кеткен бейбақ, Тартарсың екі дүние қасіретін.*

Яки, *Дүние бір қисық жол бұраңдаған, Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған. Басыңа таудай ауыр қайғы түссе, Несібі жазып қойған бір Алладан.*

Мынадай да жолдарды оқимыз: *Кәрілік ажарлы кезіңді алады, Шаш-сақалыңды азартып көзіңді алады. Бұған өкпелесең, егесіп тісің менен сөзіңді алады. Ашуланып ыза болсаң, беліңді аздырмай екі аяғыңа кісен салады. Көктем көктетті, - әлденбек шарт, Жаз жадыратты, - сәлденбек шарт, Күз күтімдік, - шелденбек шарт. Қыс қытығымырлық жиналғы, - көрленбек шарт.*

Мына бір жолдарының Абай өлеңдерімен соншама үндесіп

келетіндігі Абай мұрасының өзіне дейінгі қазақ поэзиясымен сабақтастығын танытады.

*Мүшел тектеп құшқаны он екі жыл,
Он үш жастық қосылғы мерзеттік қыр.*

*Мақлұқат атауымен аталғанмен,
Түпкілігі пенделік мінездік сыр.
Кейбіреулер шенеуді шелдей көріп,
Елді арбап, кеудесін көрсетіп жүр.
Миың болса басыңда көзің жеткіз,
Ата-баба атына келтірме кір.*

Қолжазбада кездесетін мақал-мәтелдердің кейбір үлгілері мынандай: «Мылқаудан басқаның бәрі сөйлейді», «Сабаз сайқалмаса, бұқа бұрылмас», «Жығылсаң, байтақ көтергілік», «Түйе берсе, түймек те қысқарады», бата тимесе, қата тиеді, «Табалама – жолы тар, жайдақ деме – алда жар», «Күлген күле жетпек, екі салбырауын түре жетпек», «Мысқыл тимек қышқыл, түбі мүшкіл», «Астым десең, аспаққа асылмақсың, бәскіл болсаң, бәйгеге қосылмақсың».

«Шипагерлік баянда» жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспау, он екіден айырылмау дейтін өнеге-өсиеттер бар. Мұнысы адам баласы орындауға тиісті шарт-заң тәрізді.

Жетіге тиіспеу:

1. Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу.
2. Көктемде көбеймелі жорғаламаларға тиіспеу.
3. Көктемде көрінген қорғалағыштарға тиіспеу.
4. Көктемде көз аспаған шикілікке тиіспеу.
5. Қай-қашан да қонжатға тиіспеу.
6. Қай-қашан да көршіге тиіспеу.
7. Қай-қашан да елшіге тиіспеу.

Қырық бірге жұғыспау (жоламау)

1. Ордалы суманға жұғыспау.
 2. Қордалы қынамаға жұғыспау.
 3. Жалғыз ағашқа жұғыспау.
 4. Иендегі жалғызға жұғыспау.
 5. Суық торғайға жұғыспау.
 6. Алдан өткен абаданға жұғыспау.
 7. Елден кеткен забажанға жұғыспау.
 8. Пәлелі өртке жұғыспау.
 9. Шығулы бетке жұғыспау.
 10. Жаралы жыртқышқа жұғыспау.
 11. Қаралы елге жұғыспау.
 12. Ашынған долыға жұғыспау.
 13. Ашыққан ұрыға жұғыспау.
 14. Даралы жерге жұғыспау.
 15. Дастарханға жұғыспау.
 16. Жетімге жұғыспау.
 17. Жесірге жұғыспау.
 18. Кесірге жұғыспау.
 19. Еңіреген ерге жұғыспау.
 20. Өзің шығар төрге жұғыспау.
 21. Арқаны сылыр ерге жұғыспау.
 22. Жатқа кетер қызға жұғыспау.
 23. Көктемдегі мұзға жұғыспау.
 24. Өте шығар сызға жұғыспау.
 25. Асып қалған асқа жұғыспау.
 26. Жарасы бар басқа жұғыспау.
 27. Парақұмар ыласқа жұғыспау.
 28. Басқа елдік қарашаға жұғыспау.
 29. Балатқалы иге жұғыспау.
 30. Төбелесте арашаға жұғыспау.
 31. Тікені бар аласаға жұғыспау.
 32. Құламалы құзға жұғыспау.
 33. Дәм атасы тұзға жұғыспау.
 34. Иесіз жатқан малға жұғыспау.
 35. Киесі бар далаға жұғыспау.
 36. Обалы бар торшыға жұғыспау.
 37. Залалсыз қоршыға жұғыспау.
 38. Түтін ұшар шаңыраққа жұғыспау.
 39. Ырыс келер босағаға жұғыспау.
 40. Даладағы өлгенге жұғыспау.
 41. Шыдап жерге көмгенге жұғыспау.
- Бұл жұғысулар соқтықпау,

жәбірлемеу, ойрандамау, қырмау, аялау, абайлау, сақтану, қорғау секілді сегізге жіктеледі.

Он екіден айрылмау

1. Жағаласпай жан қалмақ қайда?
Жарғыласта жаныңнан айрылма.
2. Не шындық? Не сұмдық?
Жау тимек, -
Ақылыңнан айрылма.
3. Еркесіз ел, серкесіз шел болмас, -
Ел бастаушы көсеміңнен айрылма.
4. Тіл – кесілмес атқан оқ. Дау
туылар, -
Шешеніңнен айрылма.
5. Өзінді зор, басқаны қор деме.
Көппен көрерсің, -
Еліңнен айрылма.
6. Кебенек іші мың арып, мың
семігерлік, -
Жаныңды алса да, сырыңнан
айрылма.
7. Жаман деп қатыныңнан,
Көшем деп алып қойған отыныңнан
айрылма.
8. Ризықсыз пенде болмас, -
Даяр асың малыңнан айрылма.
9. Ағайын, туыс, дос-жарансыз кім
бар? -
Болмашыға өкпелеп, досыңнан
айрылма.
10. Қырық найза қарғы деп, -
Қарақудай баспанаң қосыңнан
айрылма.
11. Пенде қадыр санаты бес қаруды
тастама.
Шыбын жаның шыққанша
намысыңнан айрылма.
12. Өте шығар сұм жалған,
боқшылыққа қайрылма.
Адам күні адаммен ысылмақ, өнер
қайқырда.
Өнерпаз деген ат салсаң, -

Өлсеңдағы қайғырма.

Әрбір пендеге пайдалы іс істе, пайдасызға жолама, басыңа күн туғанда он екіден айрылма деп осылай ақыл айтады.

«Шипагерлік баяндағы» сол кездегі қазақтың апта, ай, жыл атаулары да ерекше назар аударады.

Апта

- Сақтал – дүйсенбі
- Жақтал – сейсенбі
- Аттал – сәрсенбі
- Ғаттал – бейсенбі
- Мереке – жұма
- Бақтал – сенбі
- Баттал – жексенбі

Ай атаулары

- Ергеу – Наурыз
- Көктеу – Сәуір
- Мезгеу – Мамыр
- Көзгеу – Маусым
- Шілдеу – Шілде
- Тамызық – Тамыз
- Дәндеу, Мизам – Қыркүйек
- Соқтау – Қазан
- Күйек – Қараша
- Қауыс, Ықтырғы – Желтоқсан

Ығыс – Қаңтар

Қаңтар – Ақпан

Жыл атаулары

- Сумақы – тышқан
- Маңғаз – сиыр
- Айбар – барыс
- Секем – қоян
- Иіртеқ – ұлу
- Сумаң – жылан
- Тұлпар – жылқы
- Шопан – қой
- Мешін – мешін
- Шақыраулық – тауық
- Айтақ – ит
- Қорысқы – доңыз

Кітапта кездесетін өсімдік, жан-жануар аттары мен адам мүшелерінің анықтауларының өзі қазақ тілінің ол заманда-ақ қаншама бай болғандығын дәлелдейді.

Бір ғана қолдың (ұстамар) өзін былай жіктейді: тоқпан жілік, иық, талмау, топшы, шынтақ, қар, құлжілік, кәріжілік, білезік буыны, иық буыны, шынтақ буыны, білезік қағар, оң тәбәрік, сол тәбәрік, қырда, білезік соғар, қиғы, тасқиғы, басбармақ, қымқыр, сырнақы, көбе, түп көбе, ет көбе, жымқыр, жұмқыр, өбе, ашарық, бүкті, аражиек, жұмба алақан, жалпақ алақан, қарынсау, басбалық ет, бедер, шынашақ, ортанқол, ортан, қортан, нұқыма, шұқыма, қанысқы, қара тырнақ, ақ тырнақ, қырнау, жұмқырлық илігім, кебе буын, түртеқ, түртпек.

Өтейбойдақ адам мүшесін сыртқы он екі, ішкі он екі деп, жиырма төрт мүшеге бөледі. Жиырма төрт мүшенің әрқайсысын жіліктеп, жіктегенде соншама атауының бар екеніне, соған қарап байырғы қазақ тілінің бай екеніне қайран қаласың, мақтанасың да.

Шипагердің өзін: теңдессіз шипагер, нағыз шипагер, қараузген шипагер, шипагер, емші, емкес, жарғышы, қараемші, қаншы, тамыршы, сынықшы, оташы, іш сипағыш, көзқарақшы, ішірткіші, бақсы, жауырыншы, балгер,


құмалақшы, болжағыш, аяншы, құшнаш, әулие әнбие деп бөледі.

Осы келтірілген мысалдардың өзінен «Шипагерлік баянның» бүгінгі заманның дәрігерлері үшін армандаған университет, энциклопедия, ұстаз екендігін былай қойғанда, қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, этнографиясын, астрономияны, биологияны зерттеушілер үшін теңдесі жоқ асыл қазына, құдайдың өзі көзімізге көрсетіп, қолымызға ұстатып отырған ұлы мұра екендігін дәлелдейді.

Аңызға айналған, қалың қазақтың көңілін күпті қылған тарихи ғылымнама, ұлы шығарма «Шипагерлік баян» жайында әзірге айтарымыз осы.

Бес ғасырдан соң біздің қолымызға тиген бұл нұсқа, әрине, Өтейбойдақтың өз қолжазбасы емес. Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің де бірде-бір қолжазбасы бізге жетпеген, бәрі де көшірмешілер арқылы жеткен, Қорқыт ата жырлары мен ол жайындағы аңыз-әңгімелердің, «Оғыз-наманың» да, «Мұхаббат-наманың» да, «Құтадғубіліктің» де, мәдениетімізге, тарихымызға қатысты өзге де көптеген көне мұралардың бәрінің де көшірмелері жеткені мәлім. Тарихта мұның мысалы өте көп. Көшірмешілердің де есімінің ардақталатыны осыдан. ҮІІ ғасырда тасқа қашалып жазылған Орхон ескерткіштері болмаса, қазақ тарихына, мәдениетіне қатысты материалдардың ешқайсысы түпнұсқасында жеткен жоқ. Тарыдай шашылып, әр жерден қылтиып көрінген деректердің басы қосылмағандықтан да, күні бүгінге дейін қазақ халқының жүйелі, тұтас тарихы жасалмай келеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тарихын, әсіресе осы уақытқа дейін



ашылмаған кезенді, оның оқиғаларын, сол уақыттың тарихи қайраткерлерін жазып қалдырған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының еңбегінің құны өте зор.


Өзінде перзент болмағандықтан, Өтейбойдақ:

– «Айрылып қалма, жан баласының көзіне түсірме, өзіннен қуат кетіп бара жатса, жоюдың амалын тап. Тұтас жаттап ал, әгәр тапсырсаң, ұлыңа тапсыр, қызыңа тапсырма. Қатынына сеніп кетпе, сақ бол» - деп, қолжазбасын кіндіктес інісі Топайға тапсырады. Шипагердің өсиеті бойынша әр замандағы ұрпағы қолжазбаны көшіріп, көшірілген бетін өртеп отырған.

Содан бері Райымбектің, одан бері Шыбылдың, одан Қоңырбөріктің, одан Тама дейтін ұрпағының қолынан өтеді. «Шипагерлік баян» жазылғанынан екі жүз тоқсан үш жылдан кейін Айғайтас, Шалкөде дейтін жерде Бұршақ би 1766 жылы бесінші рет, одан бір жүз

сексен алты жылдан соң 1952 жылы Іле аумағына қарасты Текес ауданының Шиліөзек ауылында Түменбай Ыстанбайұлы алтыншы рет көшіртіп (қазіргі қазақ тіліне жаңалатып), 1991 жылы оның баласы Нұртай Түменбайұлы Алтай, Буыршын, Егізтөбеде 1968 жылғы қызыл қорғаушылардың (мәдени төңкеріс) өртегенінен қалған нұсқасын жетінші рет аударады. Өкінішке орай, сөйтіп сан ғасыр аман сақталып келген асыл қазына Қытайдағы мәдени төңкеріс атты лаңда өртке түседі. Жойқын қолжазбаның түпнұсқасының солай 1095 беті ғана қалады, арасындағы 3655 беті өртеніп жойылып кетеді.

Және өкініштісі, 1952 жылы алтыншы рет көшірілгенде, қазіргі қазақ тіліне көшіріп аударған кісі шығармадағы бәйіттерді аударуды қиынсынып көшірмеген. Соның салдарынан бағзы заманның байтақ өлең-жырлары бергі нұсқасына енбей, бізге жетпей қалған.



Егер «Шипагерлік баян» толық сақталып бұл заманға жеткенде, қазіргі нұсқасынан 7-8 есе көлемді болғандай екен.

Ұрпақтан-ұрпаққа көшіріліп, алдыңғысы өліп, соңғысы ұрпақ жалғайтын адам баласының дәл өз өмірі сияқты біздің заманымызға жеткен ұлы тәбәрік қолдан-қолға көшірілгендіктен, қолжазбаның өзгеріске ұшырағыны да сөзсіз. Соңында берілген тектелгі (шежіре) де соңғы заманның қоспасы тәрізді. Мұның жігін ажырату – ғылымның борышы.

1952 жылы соңғы рет көшірткен Түменбай Ыстанбайұлы:

– Кәтіп мұғалімге қасында отырып көшіртіп, көшіріп болғанын қотарылғанымен салыстырып, атасалты бойынша отқа жағып отырдым,- дейді.

«Шипагерлік баянның» ең соңғы мұрагері Нұртай Түменбайұлы:

– Әкем маған бола қазақтың ескі тілінен осы күнгі қазақ тіліне

аудартқан. Сонымен бірге мен оқуға түскен 9 жасымнан бастап өле-өлгенше маған қазақтың ескі тілін үйреткен еді. Шынымды айтайын, жариялау ойым жоқ еді. Оның төрттен үш бөлігі жанып кетті. Қолдағы бар қалдығы да еліне еңбек сіңіріп, халқына мақтаныш болатындығы үшін тапсырдым,- дейді. Онысына да рахмет.

«Шипагерлік баян» – әлем тудырған ғажайыптардың қатарынан орын алатын, қазақ халқының даңқын арттыратын теңдесі жоқ ғылымнама, қазақ даналығының өлшеусіз биігі. Сондықтан да Шашты Әзиз аталған, қараузген шипагер дана бабамыздың асыл мұрасын көрінгеннің ермегіне айналдырмай, өзі айтқандай, сарқылмайтын бұлақты от басы тулақ қылып алмай, мемлекет деңгейінде жан-жақты, байыпты терең зерттеп, халық игілігіне айналдыру, сөйтіп әлемге таныту – бүгінгі ұрпақтың бұлжымайтын міндеті.

